Жамбыл облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды
үйлестіру және әлеметтік бағдарламалар басқармасына
«Елу жылда - Ел жаңа» қоғамдық бірлестігінен
Жамбыл облысы, Тараз қаласы,
Мәңгілік Ел 32/8
ЖСН: 170240012608
shapai20157@mail.ru
тел. 87011808022

Шағым

«Жамбыл облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген қызметтерді мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес конкурстық комиссияның шешімімен келіспейді, Конкурстың №15872170-ГСЗ1, лот №82202938-ГСЗ1, атауы «Қандасқа қызмет көрсету» қорытындылары туралы хаттаманы қайта қарауды ұсынады.

Келесіні хабарлаймыз.

«Елу жылда - Ел жаңа» ҚБ әлеуетті өнім берушінің лот № 82202938-ГСЗ1, атауы «Қандасқа қызмет көрсету» атты конкурстық өтінімі, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 411-тармағына сәйкес, Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алу кезінде ұйымдастырушының конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілер ұсынған конкурсқа қатысуға өтінімдерді бағалау өлшемшарттарына сай:

4-критерий. ***Қағидалардың 1-қосымшасының 4-тармағына сәйкес, Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы үшін ұпайлар қойылады.***

«Елу жылда - Ел жаңа» ҚБ әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімі бойынша, Әлеуетті өнім берушінің әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды, өнім беруші 2017-2025 жылдар кезеңіне құжаттарды ұсынады, бұл жалпы, **сатып алынатын қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің** барлығы 8 жыл, ал **ұқсас** *(аналогичные)* **жобаларды** іске асыру саласында **екі жылдан астам және бес жылға дейінгі қоса алғандағы жұмыс тәжірибесі бар.**

Жалпы, «Елу жылда - Ел жаңа» қоғамдық бірлестігі мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде 2017 жылдан өз қызметін жүзеге асырады. Жалпы жұмыс тәжірибесі – 8 жыл. Ұйымның ұқсас жобаларды жүзеге асырудағы тәжірибесі – 4 жыл.

Жұмыс тәжірибесін дәлелдейтін төмендегі (кесте қызметтер (жалпы мәлімет біліктілік туралы қосымшада) берілді:

2019 жыл. **«Оралман,** мүгедектер мен жалғызбасты қарттарға және ауданның еңбек, соғыс ардагерлеріне көрсетілетін **құқықтық, әлеуметтік қызметтер** туралы ақпараттық танымдық іс-шаралар ұйымдастыру»;

2020 жыл. «Ерiктiлер жылына орай **оралман,** мүгедектер мен жалғызбасты қарттарға және ауданның еңбек, соғыс ардагерлеріне көрсетілетін **құқықтық, әлеуметтік қызметтер** туралы ақпараттық танымдық іс-шаралар, аудандағы ерiктiлермен ұлы отан соғыс ардагерлеріне арналған ескерткіштерге санитарлық сенбілік жұмыстарын ұйымдастыру»;

2021 жыл. «Қандас, көп балалы отбасылар, жалғыз басты аналарға, мүгедектер мен жалғызбасты қарттарға және ауданның еңбек, соғыс ардагерлеріне **құқықтық, әлеуметтік қызметтер** туралы ақпараттық кеңес беру іс-шаралар мақсатында кешенді іс-шаралар»;

2022 жыл. «Қандас, көп балалы отбасылар, жалғыз басты аналарға, мүгедектер мен жалғызбасты қарттарға және ауданның еңбек, соғыс ардагерлеріне **құқықтық, әлеуметтік қызметтер** туралы ақпараттық кеңес беру іс-шаралар мақсатында кешенді іс-шаралар".

2022 жыл. «Қандастарға әлеуметтік қызметтер көрсету».

Осы тұста сатып алынатын қызметтер нарығындағы жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар, көрсетілген қызметтер актілері мен шот-фактуралардың электрондық көшірмелерімен расталған.

6–ұпай Әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын қызметтердің мәніне, мақсатына сәйкес келетін ұқсас қызметтер нарығындағы ***екі жылдан астам және бес жылды қоса алғанға дейінгі*** *жұмыс тәжірибесі бар.*

Осылайша, конкурстық комиссия Қағиданың 1-қосымшасының 4-тармағына сәйкес, Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы үшін **5 ұпай мөлшерінде заңсыз қолданды**.

Осы тармақ бойынша «Елу жылда - Ел жаңа» қоғамдық бірлестігі, әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын **затқа сәйкес ұқсас** *(аналогичные)* **қызметтерді** көрсету нарығындағы тәжірибесі бойынша **5 ұпай**дың орнына **6 ұпай** қою ұсынылады.

«Тараз қалалық қозғалу тірегі кем мүгедектігі бар адамдардың «Жандану» қоғамдық бірлестігі, әлеуетті жеткізушісінің конкурстық құжаттарын зерделеуде анықталды:

Конкурстың № 15872170-ГСЗ1, лот № 82202938-ГСЗ1, атауы «Қандасқа қызмет көрсету» ұсынған өтінімі бойынша Конкурстық комиссия «Тараз қалалық қозғалу тірегі кем мүгедектігі бар адамдардың «Жандану» қоғамдық бірлестігігін жеңімпаз деп тануымен келіспейді және құқық бұзушылыққа жол берілгенін хабарлайды.

Келіспеуге негіз:

5-критерий. Қағидалардың 1-қосымшасының 5-тармағына сәйкес, әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігі үшін ұпайлар қойылады.

Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігі** (Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарттарына (ҚР Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 19 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандартына сәйкес (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 тамызда № 17314 болып тіркелген). Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс тәсілімен мемлекеттік **сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 1-қосымшасының 5-тармағында** көрсетілген критерийлері бойынша:

Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) бағдарламаның қызмет түрлеріне сәйкес келетін жеткілікті еңбек өтілі мен біліктілігі бар немесе мамандардың тәжірибесі мен біліктілігі **сәйкесінше** құжаттармен расталған болуы керек. Мамандардың тәжірибесі мен біліктілігін растайтын құжаттар білімі туралы дипломдар, **тиісті курстардан, семинарлардан өткені туралы сертификаттар** болып танылады.

"Тараз қалалық қозғалу тірегі кем мүгедектігі бар адамдардың "Жандану" қоғамдық бірлестігі жобаны жүзеге асыруға тартылған мамандарының ұсынылып отырған әлеуметтік жобаның қызмет түрлері бойынша біліктілігі, тиісті құжаттармен расталмаған практикалық тәжірибесі толық қамтылмаған (*ұсынылған сертификаттары осы жобадағы қызметке сәйкес емес*) және де 35-бап. Жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттары (төменде 5 мамандарының ұсынылып отырған құжаттары) толық қамтылмаған *веб портал:*

1. Тулебаев Архабек - диплом, жеке куәлік бар болғанымен өтінім сертификатпен расталмаған;
2. Юлдашева Тахмина - диплом, жеке куәлік бар болғанымен ұсынылған сертификаттары («Ауылдық ҮЕҰ әлеуетін арттыруға бағытталған семинарға қатысушыға беріледі», «Государственный социальный заказ, как эффективный механизм реализаци государственной политики», «Центр професионального обучения», «Тренинг успешного прохождения профессионального бухгалтера» (*аталмыш жобаға сай емес*);
3. Сейілханқызы Мөлдір (юрист) – диплом, жеке куәлік *(06.11.2022ж. мерзімі өтіп кеткен)*, сертификат біліктігін көтеру бойынша (*аталмыш жобаға сай емес*) болғанымен өтінім басқа тиісті құжаттармен расталмаған;
4. Дүйсенова Гульзат Рашидқызы (консультант) - диплом, жеке куәлік *(08.08.2023ж. мерзімі өтіп кеткен)* болғанымен, өтінім басқа тиісті құжаттармен расталмаған;
5. Тлеуова Сандугаш Аргынбаевна (соц работник) - диплом, жеке куәлік болғанымен өтінім басқа тиісті құжаттармен расталмаған;

Сондай-ақ, **35-бап. Жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттар осы бабында көрсетілгендей:**

5) жұмыс беруші қол қойған, ұйымның мөрі мен расталған қызметтік тізім **(жұмыскердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі)** (болған кезде); аталған тармақшасына сай **«Қызметтік тізім»** ұсынылуы керек. Ал «Тараз қалалық қозғалу тірегі кем мүгедектігі бар

адамдардың «Жандану» қоғамдық бірлестігі ұсынған **«Қызметтік тізімі»**, 35-баптың аталған тармағына сәйкес емес, сол себепті қабылданбауы тиіс.

Конкурстық комиссия Қағиданың 1-қосымшасының 5-тармағына сәйкес, әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігі үшін 4 ұпай заңсыз қойылған.

Осылайша, конкурстық комиссия Қағиданың 1-қосымшасының 5-тармағына сәйкес, әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын Мамандардың тәжірибесі мен біліктілігін растайтын тиісті құжаттармен толық қамтылмағандықтан **4 ұпайдың** орнына **2 ұпай** қою ұсынылады.

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI ҚРЗ «Қазақстан Республикасының Әкімшілік процестік кодексі» Кодекстің 100-бабының 6-тармағына сәйкес, шағымды қарайтын органның шешімімен келіспеген жағдайда әкімшілік рәсімге қатысушы шағымды қарайтын басқа органға немесе сотқа әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасауға құқылы.

Бұл ретте Заңның 47-бабының 9-тармағына сәйкес, дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, конкурстың қорытындыларын шығару кезінде анықталған бұзушылықтарды ескере отырып, жоғарыдағы лот бойынша конкурстық өтінімдерді және конкурс нәтижелерін қайта қарауды, Заңның Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес ұпайларды белгілеуді және сотқа дейін реттеуді сұраймыз.

«Елу жылда - Ел жаңа»
қоғамдық бірлестігінің басшысы: Ш.Сүйімқұл

ЭЦП қол қойылды.
21.01.2026ж.